

"Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 9 қазан N 1545

Мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілін интенсивті оқыту жүйесін құру мақсатында және Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Республикалық мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқаруға уәкілеттік берілген орган, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып айқындалсын.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы мемлекеттік қызметшілерге қазақ тілін интенсивті оқытуға барлық қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық жағдайлар жасауды ұйымдастыру, сондай-ақ оны оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз ету болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі бір айлық мерзім ішінде Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы